

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023**

Оқушы әр ұяшықты басып, сұраққа дұрыс жауапты іздейді және жауап ұяшық санына дәл келуі қажет. Шыққан сөздердің жасалу жолына мән беріп, талқылап, морфологиялық талдау жасайды. Тапсырма оқушының логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, жұрнақ туралы алған білімін зерделеуге көмектеседі.



4-сурет. «Кроссворд» тапсырмасы.

Барлық тапсырмалар интерактивті негізге негізделген. Тапсырмалар интерактивті және әртүрлі ойын түрінде болғандықтан, оқушыларға тапсырманы орындау, ережені түсіну жеңілдей түседі. Себебі оқушы өзін әдеттегі жаттанды ережелер мен бір сарындағы тапсырмалар орындаймын деп емес, көркемдігі басым, қызықты ойын ойнаймын деп тапсырмаға жеңіл қарайды, әрі құлшынысы жоғалмайды.

Қорыта келе, жұрнақтарды оқыту барысында оқушыға ең алдымен, жұрнақтардың маңыздылығын түсіндіру қажет. Кейін оқушы деңгей бойынша әртүрлі интерактивті тапсырмаларды реті бойынша орындайды. Оқушыға тапсырмалар қызықты, әрі көрнекі болу шарт болғандықтан, тақырыпты жедел, жеңіл түсініп, әрі алған білімін бекітеді. Жұрнақтарды оқыту барысында маңыздылығы мен тапсырмалардың әртүрлілігіне баса назар аудару керек деп санаймын.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құлмағамбетова Б. Қазақ тілін оқыту методикасы. - Алматы : Мектеп, 1988. - 140 б.
2. Муканова А.С., Шынтай Г., Ергеш Б. Қазақ тілінде жұрнақтар арқылы сын есім тудыруды автоматтандыру // Электронды ресурс: [https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/4875/kazak\\_tilinde\\_jurnaktar.pdf?sequence=1](https://dspace.enu.kz/bitstream/handle/data/4875/kazak_tilinde_jurnaktar.pdf?sequence=1)
3. Шоқабаева С.С. Қазіргі қазақ тілі. Сөзжасам. Оқу құралы – Астана, 2023. – 221 б.

ӘОЖ 81`373.21(574.5)

#### ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР

**Мукатова А. Б.**

[Aselya.mukatova@bk.ru](mailto:Aselya.mukatova@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
1-курс магистранты, Қазақстан, Астана  
Ғылыми жетекші – Қ.К. Кенжалин

Адамзат пайда болғаннан бастап-ақ жаратылыстың қыр-сырын түсініп, үздіксіз дамуға ұмтылды. Әлемдегі заттар мен бейнелердің барлығына атау берді, барлық атаулар ғасырлар бойы түрлі халықтардың тілдік сүзгісінен өтіп, көп бөлігі біздің заманымызға дейін жетіп отыр. Атауларды зерттейтін ғылым ономастика деп аталады. Ономастика өз ішінде зоонимика, фитонимика, антропонимика, этнонимика, т.б. бірнеше түрлерге бөлінеді.

Ономастиканың ең басты салаларының бірі – топонимика, жер-су аттарын, барлық географиялық нысандарды зерттейтін ғылым саласы. Топонимикалық мұраларда халықтың ұлттық танымы мен болмысы, этномәдени сипаты, тұрмыс-тіршілігі, ділі мен діні, тілі мен мәдениеті, т.б. көрініс тапқан. Мыңдаған жылдар бойы өне бойында мекен еткен халықтың даму, өркендеу эволюциясы туралы ақпарларды сақтап келе жатқан жер-су атаулары әлемді тану көзқарасынан туындаған. Топонимдік атаулардың ғаламның ономастикалық тілдік бейнесін қалыптастыруға әсер еткені рас. Бұл туралы Б.М.Тілеубердиев ономастиканың концептуалдық негіздерін зерттей келе, мынадай тұжырымдама жасайды: «Адамдардың қандай да бір лингвомәдени қауымдастығының құнды тәжірибесі, ғаламды тануы мен түсінуі тілде жалпы есімдер арқылы ғана емес, сондай-ақ жалқы есімдер арқылы да беріледі. Жалқы есімдер мәдениеттің басты концептілерін суггесивтік формада бере отырып, айқын түрдегі кумулятивтік функцияға ие. Жалқы есімдер онимдер арқылы тілдік таңбаларға, тілдік бірліктерге айнала отырып, ғаламның ономастикалық моделін, кескін-келбетін жасай алады. Ғаламның ономастикалық моделі немесе бейнесі адамның ғалам туралы түсініктерін және ғаламды тану қасиеттерін бейнелейді, сол себепті болса керек, адам тілінің антропоцентристігі сияқты олар да антропоцентристік қасиетке ие» [1, 26].

Қазақ топонимикасының шығу тарихы мен қалыптасуына, сыр-сипатына, даму жолына тереңнен үңілетін болсақ, көптеген жер-су аттарының тарихи маңызға ие екенін байқаймыз. Талай қанды қақтығыс пен ірі тарихи оқиғаларды бастан кешірген, түрлі ұлыстар мен тайпалардың мекеніне айналған қазақтың ұлан-байтақ, кең даласы топонимдік атауларға өте бай. Ғасырлар бойы тарих қойнауы мен тіл сандығында сақтап, бүгінгі таңда тілші-ғалымдар қазақ топонимикасын жан-жақты зерттеп, зерделеп, халықтың игілігіне жұмсап отыр. Дегенмен, «топонимика ғылымын құрайтын үштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді» [2, 19]. Топонимика саласы географтардың тікелей зерттейтін объектісі болғанымен, жер-су аттарының түпкі мағынасына үңілу және атаудың шығу тарихын саралау үшін лингвистиканың маңызы аса зор. Бұл туралы орыс тілшісі А.К.Матвеев былай деп жазады: «Единственным сколько-нибудь серьезным основанием для того, чтобы считать топонимику географической наукой, служит ее значение для географии. С этой точки зрения топонимика действительно может считаться вспомогательной географической дисциплиной, которая решает сущности те же задачи, что и топонимика как вспомогательная историческая наука, только оперирует уже не историческими, географическими данными, извлеченными из названий посредством лингвистического анализа. Иное понимание задач топонимики ошибочно: географ, занимающийся этимологизацией топонимов, думает, что он исследует вопросы географии, на самом деле все глубже погружаясь в пучины лингвистики» [3, 8]. Топонимиканы зерттеу жұмыстарына тілші, географ, тарихшы ғалымдардың бірдей атсалысуы өнімді нәтиже береді.

Жер-су атауларын тіл білімінде фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, сөзжасамдық тұрғысынан қарастырып, атаулардың лингвомәдени, этнолингвистикалық, лингвоконцептуалдық мәнін ашуды көздейді. Топонимдік атауларды лингвистикалық зерттеу халықтың тарихи-мәдени өміріне, салт-дәстүріне, дүниетанымына, шаруашылық іс-әрекетіне, кәсібіне, өнеріне, өмір сүру салтына, әдеп-ғұрпына, мәдениеті мен әдебиетіне, тарихына қатысты мол деректер мен мағлұматтарға, құнды мұраларға қол жеткізуге болады.

Ерте ғасырлардан бастап-ақ көптеген ұлттар мен халықтардың көп қоныс еткен шұрайлы мекені, егін шаруашылығына мен мал шаруашылығына да ыңғайлы әрі жайлы аймақ – Жетісу өлкесі. Жер жәннаты атанған Жетісу өңірін ерте замандарда сақ, үйсін тайпалары мекендеп, бұл өңірді дербес экономикалық аймаққа айналдырған. Қазақ ұлтының халық боп қалыптасу дәуірлерінде де жеріміздің оңтүстік бөлігі басты рөл атқарды. Қасиетті бұл жерде Ұлы және Орта жүз руларының албан, дулат, шапырашты, алшын, найман, керей тайпалары мекендеп, жер-су, өзен-көл, тау-тас атауларына өзіндік таңбасын қалдырып отырған. Күні бүгінге дейін Жетісу өлкесінде топонимиялық зерттеулер жүргізіліп келе

жатыр. Е.Қойшыбаевтың «Қазақстанның жер-су аттары» сөздігінде Жетісу өлкесіне қатысты атаулардың көпшілігі қамтылған.

Жетісу өлкесі туралы зерттеулер еліміздің оңтүстік өңірінің көп бөлігін, соның ішінде Алматы облысының территориясын қамтып келді. 2022 жылдың 8 маусымында Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағын Жетісу облысы деп атады. Облысқа Талдықорған, Текелі қалалары мен Алакөл, Ақсу, Кербұлақ, Қаратал, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандары кіреді.

Жетісу облысы топонимдік атауларға өте бай: Сырымбет, Панфилов, Амангелді, Ешкіөлмес, Өтенай, Еңбек, Балпық, Ақшатоған, Кербұлақ, Бәйтерек, Кеңжыра, Кеңқарын, Көлтабан, Көшкентал, Матай, Молалы, Таусамалы, Шолақөзек, Қапал, Үлгілі, Құрақсу, Алмалы, Жалғызағаш, Теректі, Қоржымбай, Өркұсақ, Бесқайнар, Жарлыөзек, Кеңарал, Тауарасы, Керегетас, Шұбартүбек, Қарғалы, Ешкіөлмес, Жерұйық, Жиделі, т.б.

Жетісу атауының шығуының өзінде тарихта көптеген пікірлер айтылады. «Жеті» сан есімі мен «су» зат есімімен бірігуі арқылы жасалып тұрған бұл топонимнің, жалпы алғанда, мән-мағынасын түсіну аса қиын емес. Жетісу атауы жеті «судың», яғни жеті өзеннің тоғысуы деген мағынаны білдіріп тұр. А.К.Гейнстің айтуынша, Жетісуды құрайтын өзендер: Басқан, Сарқан, Ақсу, Көксу, Бүйен, Қаратал және Лепсі.

Жетісу облысындағы топонимдік атаулардың лексика-семантикалық қабатын, тарихи-хронологиялық сипатын, фонологиялық өзгерістерін зерттеу, сонымен қатар лингвоконцептологиялық аспектіде қарастыру өлкенің тарихи-мәдени мұрасын тануға үлкен мүмкіндік береді. Облыстағы атаулардың шығу тарихы сол аймақты мекендеген халықтың тұрмыстық, қоғамдық, мәдени өмірімен, өңірдің географиялық ерекшеліктерін көрсететін сипаттарымен, өсімдік аттарымен, т.б. байланысты.

Қазақ ономастикасының дамуына ерекше үлес қосқан әйгілі ғалым Телғожа Жанұзақ «Жетісудің жер-аттары» зерттеуінде былай дейді: «Жетісу өлкесінің жер-су атауларының пайда болу, қалыптасу тарихи-хронологиялық тұрғыдан топтастыру барысында олардың бірнеше дәуірге тәндігін көреміз. Олар:

1. Ежелгі дәуірге тән атаулар;
2. Көне түркі (қазақ) дәуіріне тән атаулар: а) түсінігі қиын атаулар; ә) ерте ортағасырға тән атаулар; б) ортағасырлық атаулар;
3. Жаңа дәуірге тән атаулар: а) қазақ халқының қалыптасып, мемлекет болуымен байланысты дамыған атаулар; ә) Ресей патшалығының отарлау саясаты негізінде пайда болған атаулар; б) кеңестік дәуір идеологиясы нәтижесінде пайда болған атаулар;
4. Егемендік алып, тәуелсіз мемлекет болғаннан бері қалыптасып, дамуға беталған кезеңдегі атаулар» [4, 315].

Телғожа Жанұзақ жасаған бұл топтастыруда еліміздің оңтүсік аймағындағы барлық жер-су аттары қарастырылған. Соның басым бөлігін Алматы облысына жататын топонимдік атаулар құрайды. Ғалымның тарихи-хронологиялық топтастыруы бойынша Жетісу облысының топонимдік қатарын Алматы облысынан бөлек қарастыруды жөн көрдік.

Ежелгі дәуірге тән атаулардың қатарына Көксу ауданына қарасты Быжы өзенін жатқызуға болады. Бұл атау қытай жазбаларында екі мың жылдар бұрын Іле өзені туралы зерттеулер кезеңінде жазылған. Сарқан ауданы және оған қарасты Қойлық ауылының аты – ежелгі дәуірге тән топонимдік атаулар. Ғалымның жаңа дәуірге топонимдері деп көрсеткен отаршыл үкіметтің қол астындағы болған кезеңдергі жер-су аттарының көбі қазіргі таңда қалпына келтіріліп, ана тілімізге алмастырылған. Мәселен, Киров ауданының қазіргі атауы – Көксу ауданы, Кировск кенті – Балпық би кенті, т.б.

Жетісу облысындағы топонимдік атауларды гидронимдер (өзен-көл аттары), ороноимдер (тау аттары), этнотопонимдер (ұлыс, ру-тайпа атауларына қатысты қойылған аттар), анротопонимдер (кісі есімдеріне қатысты қойылған атаулар), зоонимдер (жан-жануарларға қатысты қойылған атаулар), фитотопонимдер (өсімдік аттарына қатысты қойылған атаулар) ойконимдер (елді мекен атаулары) деп түр бойынша бөліп зерттеу маңызды. Облыстағы түске байланысты қойылған атаулар, сан есімдерден және сын

есімдерден жасалған топонимдер, адамның іс-әрекетіне, қоғамдық және күнделікті тұрмысына қатысты пайда болған атаулар да жеткілікті. Мәселен, Ақсу, Ақтұма, Аққұдық, Аққайың, Ақбалық, Ақжазық, Ақкент, Ақтоған, Алакөл, Көкөзек, Көксу, Көкжайдық, Көкпекті, Көкшалғын, Көкдала, Көкжар, Көктұма, Көкбастау, Көктерек, Көкжазық, Қоңырөлең, Қоңыр, Сарытөбе, Сарыбел, Сарықұрақ, Қарабұлақ, Қызыларық, Қаратал, Қызылқайың, Қызылтоған, Қызылжан, Қаракөз, т.б. топонимдер түрлі түстерге байланысты жасалған. Сандардан жасалған топонимдерге Екіаша, Үшарал, Үшкөмей, Үштөбе, Бесқайнар, Жетіжал, Қырыққұдық, т.б. жатады.

Халықтың күнделікті тұрмысына, хал-жағдайына, күнкөріс қимылдарына, әлеуметтік жағдайына, еңбек әрекеттеріне байланысты Еңбек, Еңбекші, Жасқазақ, Жаңалық, Береке, Өнім, т.б. топонимдер қалыптасқан. Тарихи оқиғаларға, саяси жағдайларға байланысты, әсіресе, орыс патшалығының құрамында болған кездегі орыс тілінде қалыптасып, халықтың құлағына сіңіп кеткен Тополевка, Пограничник, Головацкий ауылы, Лесновка, Коноваловка, Қызыл октябрь, т.б. сынды топонимдер де бар. Еліміз егемендік алғаннан кейін өзге тілдерде жазылып, айтылып жүрген көптеген жер-су атауларын қазақ тіліне аудару жұмыстары әлі күнге дейін жалғасып келе жатқаны қуантады. Дегенмен, сан мыңдаған жылдар бойы ұлт азаттығы үшін күресіп келген тарихи тартыстар мен басқыншы әрекеттердің, соғыс қимылдарының, т.б. сипаттары Басқыншы, Қарауылтөбе, Қарабөгет сынды топонимдік атауларда байқалады.

Жетісу топонимдерінің тұлғалық сипатына, құрылымдық жүйесіне назар аударатын болсақ, олардың басым көпшілігі екі немесе одан да көп сөздерден құралған күрделі сөздер болып келеді. Әсіресе, сандық, сындық, сапалық мәндерді білдіретін Жетісудағы жер-су аттары ешқашан бөлек немесе қосарланып жазылмайды. Токжайлау, Қамысқала, Жынжүрек, Жалаңашкөл, Алтыдала, Алтынемел, Ақсұңқар, Беріктас, Желдіқара, Күреңбел, Сарыбастау, Сарыбұлақ, Сарыөзек, Терісқаққан, Шилісу, Қосағаш, Қоянкөз, Қызылмектеп, т.б. көптеген топонимдер бірігу арқылы ғана жасалған. Мұндай топонимдер лексикалық құрамы жағынан географиялық нысанның түр-түсін, сын-сипатын, өзіндік табиғи ерекшеліктерін, т.б. білдіреді.

Жетісу облысында басқа өңірлердегідей адам, кісі аттарына қатысты қойылған топонимдер де жеткілікті. Антропотопонимдер қала, аудан, округ, ауыл атауларынан бөлек, көше, мұражай, кітапхана, т.б. атауларында жиі кездеседі. Еліміздің кез келген жерінде кісі атымен аталатын топонимдерді кездестіруге болады. Мұндай астарында сол өңірді мекендеген, әсіресе сол жерде туып-өскен ұлы тұлғалардың, қоғам қайраткерлерінің, қазақ зиялы қауым өкілінің немесе елге танымал адамдардың, өнерімен халықты сүйсіндірген талантты жандардың, т.б. ел аса құрметтеп, қадір тұтып, ерекше сыйластық танытқан, үлгі тұтқан азаматтардың есімдерін келешек ұрпаққа насихаттау ниеті жатыр. Демек, антропотопонимдік атаулар – есімі қойылған тұлғаны сол жердің халқының үлкен мақтаныш санайтындығының белгісі. Жетісу облысындағы Бактыбай Жолбарысұлы ауылы, Жұмахан Балапанов ауылы, Нұрым, Малайсары, Қабанбай, Бөрібай би, Ескелді би ауылдары, т.б. топонимдер сол өңірден шыққан билер мен батырлардың, әйгілі қазақ азаматтарының құрметіне қойылған.

Жетісу өңіріндегі топонимдік атаулардың тарихи хронологиясы мен классификасы тіл білімі ғылымында жан-жақты зерттелді. Ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйенетін болсақ, Жетісу өңірі жер-су, өзен-көл, тау-тас, т.б. – топонимиялық атауға, соның ішінде ерте замандардан бері келе жатқан көне атауларға бай. Жетісу жерінің өзі киелі. Ескі дәуірлерден бері халықтың тұрмыс-тіршілігі мен күнкөріс жағдайына өте ыңғайлы болып келді. Жетісу топонимиясының семантикалық компоненттері мен олардың пайда шығу тарихына қатысты зерттеулер өңірдің тарихи-мәдени мұраларын кеңінен танытуға мол мүмкіндік берді.

Осы күнге дейін Жетісу өңірі деп деп зерттеліп келген киелі мекеннің екі облысқа ажырауы географиялық нысандардың территориялық сызығын айқындап берді. Ендігі жерде Жетісу облысының құрамына кіретін аудандарды, ауылдық округтер мен басқа да барлық жер-су атауларын бір ортаға жинақтап, оларды топонимиканың түрлеріне байланысты

топтастыру арқылы облыстың өзіндік топонимдік тілдік жүйесін маңызды. Жетісу облысы қазақтың ұлт болып қалыптасып, мемлекет ретінде даму процесінде айқын рөл атқарды. Бұл топырағы құнарлы, шұрайлы, табиғаты тамаша, киелі жерді мекен еткен халық өңірдің табиғатына, тау-тасына, бұлағы мен өзен-көліне, даласы мен көшесіне лайықты атау бере отырып, өзіндік таңбасын мәңгілік қалдырып отырғаны рас. Жетісу облысының топонимикалық мұрасы бүгінгі күнге дейін қаншалықты қарқынды зерттелсе, бұдан кейін де тілдік тұрғыдан жан-жақты әрі терең зерделеніп, қазақ ономастикасының дамуына тағы да өзіндік үлес қосатынына күмән жоқ.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 280 б.
2. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
3. Матвеев А.К. Тезисы о топономастике. Топономика и топономастика [электронный ресурс]. – 1974. – № 7. [https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/28304/1/vo\\_07\\_01.pdf](https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/28304/1/vo_07_01.pdf)
4. Жанұзақ Т. Жетісудың жер-су аттары // «Академик Ш.Ш.Сарыбаев және қазақ тіл білімі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 794 б.

ӘОЖ 81`42

### **ИНСТАГРАМ ЖЕЛІСІНДЕГІ РЕСМИ ХАБАРЛАРДЫҢ ТІЛІ**

**Мұратова Ж. Н.**

[Zhansaya\\_shaiyr@mail.ru](mailto:Zhansaya_shaiyr@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Қ. Сарекенова

Заман өзгереді. Ғылым дамиды. Күні кеше ғылым жаңалығы болған дүниелер өткен ғасырдың ескі ұғымына айналады. Ежелгі хат алмасулардың орнын бүгінде, әлеуметтік желілер алмастырды. Кезінде қоғамдық ортаны қалыптастырған бұқаралық ақпарат құралдары мен сайттарының қазіргі сұранысы көз қуантарлықтай емес. Көпшіліктің құмырсқадай жиналған ортасы әлеуметтік желілер қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы болып табылады. Соның ішінде сұранысқа ие, танымалдығы жоғары желі – Инстаграм. Бастапқыда бұл желі фотосуреттермен бөлісу арқылы ақпарат беріп, ойын-сауық қызметін атқарды. Кейіннен ізбасарлар санының өсуі біртіндеп желі функцияларының кеңеюіне әкелді: қазір Инстаграм коммерциялық және саяси мақсаттарда қолданылып, «жеке имиджді» құрудың тиімді және қолжетімді құралы болып отыр.

Тіл мен стиль — әлеуметтік желідегі аудиторияға әсер ететін негізгі фактор. Инстаграмды тұтынушылардың бірқатарының өзіндік мақсаты бар. Мақсаттарына сәйкес инстаграм қолданушылары өз аудиториясына белгілі бір стильмен жол тартады. Мысалы блогерлердің жалпыға ұғынықты, тілге жатық, әлеуметке түсінікті тілі болады. Белгілі бір ғылым терминологиясымен танымал, өз аудиториясының білім көкжиегін кеңітіп отырған парақшалар да аз емес. Ал сан түрлі топқа жататын жұртқа арналған ақпарат ресми тілде жазылатыны хақ. Бұған мемлекет басшысының, облыс, қала әкімдіктерінің парақшасы немесе белгілі бір салада қызмет ететін мекемелердің, әлеуметтік саяси маңызы бар тұлғалардың парақшаларын жатқызамыз. Ал ресми тілдің талаптарына сүйенетін болсақ мұндай жазбаларда, хабарламаларда, инфографикаларда ауызекі сөйлеу элементтері, эмоционалды боялған лексика қолданылмайды.